

22.06.2023-ғы № 41-07-10/5498  
ШЫҒЫС ХАТЫ  
22.06.2023-ғы № 1-540 кіріс хаты

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ  
ӘКІМІ**



**АКИМ  
ГОРОДА ШЫМКЕНТ**

160024, Шымкент қаласы, Nursultan Nazarbaev даңғылы, 10.  
Тел./факс: 8 (7252) 24-72-16, ММ коды 1219851; БСН 990240005765,  
БСК ККМФКЗ2А, ЖСК КЗ58070102КСН5901010

160024, город Шымкент, проспект Nursultan Nazarbaev, 10.  
Тел./факс: 8 (7252) 24-72-16, Код ГУ 1219851; БИН 990240005765,  
БИК ККМФКЗ2А, ИИК КЗ58070102КСН5901010

№ \_\_\_\_\_

**Шымкент қаласы  
мәслихатының төрағасы  
Б.Нарымбетовке**

*2023 жылдың 21 маусымдағы  
№1-503 хатқа*

**Құрметті Бахадыр Мәдәліұлы!**

Шымкент қаласының Республикалық маңызы бар қалалар санатына қосылғанына 5 жыл толды.

Қала республикалық бюджеттен субвенция алатын өңір болып табылады.

Шымкент қаласы аумағы республикадағы аумағы жағынан ең үлкен қала. Сәйкесінше, шешуді қажет ететін өзекті мәселелер жеткілікті.

Өзіңізге белгілі, бірнеше жыл бұрын қала аумағына инфрақұрылыммен қамтылу деңгейі төмен 40-тан астам шалғай елді мекендер қосылған және қаланың қажеттілігін қамтитын инфрақұрылым, қоғамдық көлік мәселелері өзекті болған.

Мемлекет Басшысының тапсырмасымен инфрақұрылыммен қамту бойынша жоспар әзірленіп, Үкіметтің қолдаудымен инфрақұрылым саласында ауқымды жұмыстар атқарылды.

Дегенмен әлі де бюджет көлемінің шектілігіне байланысты, шешімін таппай келе жатқан мәселелер жетерлік.

Қала әкімдігінің басым бағыттарының бірі ол - Инвестиция тартуға жағдай жасау және кәсіпкерлікті қолдау.

«Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» аясында бюджет есебінен 17,9 млрд. теңге бөлініп, жыл басынан бері 3 176 кәсіпкерлік жобаларға 7,9 млрд. теңге қолдау көрсетілді.

Мемлекеттік бағдарламадан бөлек, кәсіпкерлерді қолдау мақсатында жергілікті бюджет есебінен «Іскер қала» бағдарламасы іске асырылуда.

Бағдарлама аясында 1,4 млрд. теңге бөлініп, жыл басынан 153 жобаға 412 млн. теңгеге қолдау көрсетілді.

«Бизнеске арналған үкімет – Shymkent Invest» бірыңғай орталығында 33 мыңға жуық кәсіпкерге, оның ішінде жыл басынан 5 мыңға жуық кәсіпкерге бизнес-жоспарды әзірлеуден бастап, жобаны пайдалануға беруге дейінгі құжаттарға қолдау көрсетілуде.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде қалаға тартылған инвестиция көлемі 2019 жылғы 194,9 млрд.теңгеден, өткен жыл қорытындысы бойынша 549,3 млрд.теңгені құрады. Белсенді кәсіпкерлік субъектілерінің саны 69 435 бірліктен 110 409 бірлікке артты.

Қала әкімдігі кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы жұмыстарын одан әрі қарқынды түрде жүзгізеді және кәсіпкерлікті дамытуға жол алатын шаралар қабылдауға дайын.

Бүгінгі таңда, арнаулы салық режимдерін қолданатын және микрокәсіпкерлік немесе шағын кәсіпкерлік субъектілері болып танылатын тұлғалар бойынша мөлшерлемені заң талаптарына сәйкес 50 пайызға дейін төмендету бойынша талдау жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстарды ағымдағы жылдың соңына дейін толық атқарып, тиісті шешім жобасын қалалық мәслихат қарауына ұсынатын боламыз.

**Шымкент қаласы әкімінің м.у.а.**

**Қ. Асыллов**

*Орындаған: Е.Ескараев*  
*Тел.: 8 (7252) 24-74-97*  
[e.eskaraev@shymkent.gov.kz](mailto:e.eskaraev@shymkent.gov.kz)